

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРИКА**ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА**

МҒТАР 821.512.122

А.С. Кушкимбаева¹, Д.А. Күртебаева¹, Г.К. Тәңірбергенова¹¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы**ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ АРХЕТИП ҰҒЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ**

Мақалада архетип ұғымының әдебиеттануда алғашқы бейне, адамның алғашқы санасындағы алғашқы үлгісі, ұлттағы, адамзаттағы ұжымдық бейсаналықтың жеке тұлғаның санасындағы шығармашылық көрінісі екендігі сөз болады. Әдеби архетиптер әдебиеттану мен мәдениеттану ғылымдарының бір бөлігі екендігі, көркем шығарма мен фольклорлық мотивті туындылардағы миф пен аңыздың фрагменті, жаңғырығы - ұжымдық бейсаналықтың көрінісі. Бұл теорияларға ұқсас анықтамалар К.Г.Юнгтің оқыған дәрістері мен еңбектерінде кездесетіндігі айтылады. Сондай-ақ мифтік, архетиптік түйсікті түсіну арқылы адамның психикасында діни таным қалыптасатындығы, дін – бейсаналықтың санаға бейімделуі немесе мифтің бейсаналы түрде қабылданып, саналы түрде көрінетіндігі талқыланады. Ал архетип мифтік бөлшектер арқылы санада пайда болған бейнелердің шоғыры екендігі, мұндай бейнелер адамды мәңгілігімен, көркемдігімен қызықтыратындығы, адам бұл бейнелердің ақиқаттығына көзі толық жетпесе де, күнделікті тұрмыстан оны іздейтіні, табуға тырысатыны айтылады.

Кілт сөздер: архетип, бейсаналық, миф, бірнұсқалық, көпнұсқалық, мифовольклор.

КІРІСПЕ

Архетип ұғымын бейсаналық түсініктен бөлек, Юнг психикалық құрылымның кереғарлығын айқындады. Психикадағы архетиптер өздерін рухани іскерліктің әр түрлі формасында шыңдайды, бірақ мифтік және діни қалыпта оларды бірден байқауға болады. Психологияда ең маңызды дәстүр болып инициация, жасөспірімнің өсуі, табиғаттың күнтізбелік жаңаруы, көсемдердің тірілуі жатады. Ал әдебиеттануда архетип – алғашқы бейне, әлемнің адам санасындағы алғашқы үлгісі, ұлттағы, адамзаттағы ұжымдық бейсаналықтың жеке тұлғаның санасындағы шығармашылық көрінісі. Архетип жеке адам немесе халықтың санасында басты, жоғары-доминантты (жетекші) қызмет атқарады. Кейде адам мұндай күштен бас тартса да сол күшке сүйенеді, бағдар алады. Мұндай тылсым күштердің қатарына: санадағы алғашқылық (первичность), өзгермейтін, бірнұсқалық (инвариантность), көп нұсқалық (түрлі жанрдағы бір бейненің немесе сюжеттің қайталануы), шығармашылық, әмбебаптық (бір архетиптің бірнеше елдің мәдениетінде, әдебиетінде кездесуі), басымдық, доминанттық секілді түсініктер жатады. Аталмыш тылсым күштер мысалы әдебиетте – шығармашылық дамудың бастапқы сатысы немесе үлгісі ретінде көрінеді.

Мақаланың мақсаты: әдеби архетиптердің әдебиеттану мен мәдениеттану ғылымдарының бір бөлігі, көркем шығарма мен фольклорлық мотивті туындылардағы миф пен аңыздың фрагменті, жаңғырығы - ұжымдық бейсаналықтың көрінісі екенін анықтау болып табылады.

Міндеттері: архетип ұғымының мифологиялық бейне немесе мотивтерден айырмашылығын, мифтің архетип жасалатын ұжымдық бейсаналықтың тарихи көрінісі, алғашқы формасы екенін, архетиптер ұлттың, мәдениеттің табиғатына қарай еріксіз жаңғырып отыратынын нақтылау.

Қарастырылып отырған сұрақтың тарихы: әдеби архетиптердің әдебиеттану мен мәдениеттануда кездесуі К.Г.Юнгтің оқыған дәрістері мен еңбектерінде кездеседі. Көркем бейнелер, яғни символдар көркемдік танымның мәнді де мазмұнды бағалы нәтижесі болуымен қатар, белгілі дәрежеде оның даму мен өзгеруінің индикаторы болып табылатындығы туралы Л. Мұсалының ғылыми зерттеулерінде бар. В.В. Найдыш мифологияның алғашқы белгісі – адамның сыртқы тұлғасы арқылы көрінетін ішкі әлемі туралы айтады.

Зерттеу әдістері: салыстырмалы, бақылау, тарихи, этимологиялық.

Нәтижелер: мифологияның негізгі тіректері – архетиптер. Архетиптер мифологиялық идеялармен ұқсас немесе бірдей бейнелер мен сюжеттерден тұрады. Архетиптегі мифтік түркілер тудырған басты кейіпкерлер – ілкі ата, жана қарт, әулие мен жасампаз қаһарман, тотем-баба, бақсы мен шаман сынды образдар. Бұл бейнелердің іс-әрекеттері көбінесе жасампаз болып келеді. архетип өн бойына лейтмотив, тірек, стереотип, айшықтау секілді ұғымдардың философиялық астарын жинастырады. Қазақ әдебиеттануындағы архетиптік жүйе өз ауқымын ежелгі таным-түсініктен алады. Архетип - жалпы адамзаттың даму тарихына негіз болған көнерген ескі бейнелер.

Талқылау: Қазақ прозасында парадигматикалық ассоциативті мифопоэтикалық ойлау жүйесінің алғашқы формалары, сюжетті фольклорлық мотивтермен көмкеру Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, С.Ерубасев, М.Әуезов шығармаларында айқын көрінді. Қазақ көркем сөз өнерінің хас шебері М. Әуезовтің алғашқы туындыларындағы романтикалық тенденциялар, эпикалық метафоризм 1960-70 жылдары Ә.Кекілбаев, Д.Исабеков, М.Мағауин, Д.Досжанов, О.Бөкеев, прозалық туындыларында ежелгі фольклорлық-мифологиялық мәдениетпен сабақтастығын, байланысын жалғастырып, қайта жаңғырады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әдебиеттану ғылымында архетип ұғымын көркем шығарма әлеміндегі кейіпкердің санасындағы немесе шынайы өмірдегі алғашқы түсініктің не архетиптің қалдығы, іздері [1, 8]. Әдеби архетиптер әдебиеттану мен мәдениеттану ғылымдарының бір бөлігі. Көркем шығарма мен фольклорлық мотивті туындылардағы миф пен аңыздың фрагменті, жаңғырығы - ұжымдық бейсаналықтың көрінісі. Бұл теорияларға ұқсас анықтамалар К.Г.Юнгтің оқыған дәрістері мен еңбектерінде кездеседі. Ғалым «Подход бессознательному» еңбегінде: «Менің санамдағы «архетиптердің бөлшектері» деп атаған архетиптер немесе «алғашқы бейнелер» мифологиядан, психология мен түс көру теориясынан хабары бар адамдардан басқа кісі түсінбейтін ұғымдар жиі сынға ұшырады. Архетип ұғымы үнемі мифологиялық бейне немесе мотивтермен шатастырылады. Мифологиялық образдар мұра ретінде қалдырылмайды. Ал, архетип жылжымалы мотивтердің тенденциясы, алғашқы образына түрлі детальдар қосылып, қосымша реңкі болғанымен, негізгі түрін жоғалтпайтын бейнелер мен сюжеттердің жиынтығы» [2, 65]. Юнгте архетип мифологиялық мотивтердің бөлшегі болғанымен, бірінші бейне (праобраз) ретінде көрсетілді. Ал мифтік мотивтерді кейінгі екінші сатыға қойды. Архетиптік бейнелерді генетикамен байланыстырып, оның басты белгілерін анықтады. Ғалым мен оның шәкірттерінің (юнгианцы) еңбектерінде бірінші бейнелер тұқымқуалаушылық қасиетке ие екендігі және ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде қалатындығы айтылды. Бұл бөлшектер барлық халықтардың мифологиясында кездесетін мотивтер мен архетиптік бейнелердің бастауы ретінде көрсетілді. Архетиптер мифологиялық идеялармен ұқсас немесе бірдей бейнелер мен сюжеттерден тұрады. Архетип пен мифология қатар қарастырылатын ұғымдар ретінде қабылданды. Мифтік мотивті бейнелер мен сюжеттер архетиптің белгілерін құрайды. К.Г.Юнг алғашқы адамның санасы нәзік психикалық талшықтардан тұрды, бұл талшықтар жойылуға немесе естен шығуға, ұмытылуға бейім болды деп есептеді. Сондықтан адам өзінің бойындағы бейсаналық әрекеттердің бәрін тәңірлік немесе рух иелік күштермен байланыстырды, мифте тұлға бейсаналық әрекеттердің бәрін санамен салғастырады, ал мифтік бейнелерді колжетімсіз күшпен теңестіреді. Мифология ғылымы адам мен әлемнің бейнесі анықтамасынан ұжымдық бейсаналық түрде ақпарат береді. Адам өзінің бейсаналылығы мен

ішкі түйсігін санаға бағындырған кезде миф ұғымын түсіне бастайды. Мифтік, архетиптік түйсікті түсіну арқылы адамның психикасында діни таным қалыптасады. Дін – бейсаналықтың санаға бейімделуі немесе мифтің бейсаналы түрде қабылданып, саналы түрде көрінуі. Ал архетип мифтік бөлшектер арқылы санада пайда болған бейнелердің шоғыры. Мұндай бейнелер адамды мәңгілігімен, көркемдігімен қызықтырады. Адам бұл бейнелердің ақиқаттығына көзі толық жетпесе де, күнделікті тұрмыстан оны іздейді, табуға тырысады. Тұлғаның бойындағы бейсаналы түрде болатын бұл әрекет архетиптердің активті өміршендігін, санада адаммен бірге өмір сүретіндігін көрсетеді. Сонда миф – архетип жасалатын ұжымдық бейсаналықтың тарихи көрінісі, алғашқы формасы. Ал мифологияның алғашқы белгісі – адамның сыртқы тұлғасы арқылы көрінетін ішкі әлемі [3, 327]. Архетип ұғымы мифтен өзге мифологема терминімен байланысы бар. Мифологема термині ХХ ғасырдың 30-50 жылдары Батыс Еуропада қолданысқа енді. Мифологема жалпы мен жалқының, заттың бейнелі мен символдық дүниелерін үйлестіруші болып табылады. К.Юнг бұл терминді «біріншіден, ішкі жан-дүниесін, терең сырын білдіретін психикалық көрініс», - деп психологиямен байланыстырады [4, 91]. Архетиптегі мифтік түркілер тудырған басты кейіпкерлер – ілкі ата, жана қарт, әулие мен жасампаз қаһарман, тотем-баба, бақсы мен шаман сынды образдар. Бұл бейнелердің іс-әрекеттері көбінесе жасампаз болып келеді. Жердегі заттарды, құбылыстарды, аң-құсты, тағы басқа тіршілік иелерін жаратқан солар болып көрсетіледі. Бл.Августиннің зерттеулерінде архетипті «із» (отпечаток) деп те атайды. Олар мифологиялық мотивтер сияқты ертегілер мен аңыздар, фольклорлық шығармаларда және көркем туындыларда бас қаһарманның, қорғаушы күш иесі немесе алып, мейірімді кейіпкердің қолынан қаза табатын айдаһар, құбыжық бейнесінде көрінуі мүмкін. К.Юнгтің пікірінше, әр ұлттың туу, даму барысында өзіндік психикалық жүйесі болады, адам баласы өз ұлтының тыныс-тіршілігіне қарап, айналасына зер салады, қоршаған ортаны таниды, ұлтының көзімен дүниені көреді. Әрбір этностың жанына жақын, сезіміне әсер ететін бейнелер мен көріністер немесе оқиғалар болады, бұл бейнелер мен сюжеттер әр адамның санасында өмір сүретін, көзге көрінбейтін архетиптер. Адам баласының түйсігінде бұл архетиптер ұлттың, мәдениеттің табиғатына қарай еріксіз жаңғырып отырады. Ақылмен ойлағанда көпшілік мұны сезіне бермейді. Ол тек адамдардың іс-әрекеті, мінез-құлқы арқылы ғана көрінеді. Әр ұлттың санасынан, салт-дәстүрінен хабар беріп, тыныс-тіршілігінен көрінеді. Бұл архетиптік бейнелер әдебиетте, мифологиялық мотивті шығармалар және фольклорлық туындыларда көрініс тауып, жаңа дүниетанымдық ізденістерге жол ашады.

Мифологияның негізгі тіректері – архетиптер. Яғни архетип деп отырғанмыз – символикалық ойлаудың белгілі бір компоненттері. Мифтік белгі-бейнелеулер ешқашан жоғалмайды, керісінше өзгерістерге ұшырап, заман талабына сай көркемдік дәрежеде суреттеледі. Нақты мысал келтірер болсақ, Ұмай ана турасындағы мифтік әңгімелерді алайық. Жасампаз қаһарман ретінде көрінген Ұмай ана мен оның айналасындағы Аю батыр, Айсұлу, көк қасқыр секілді образдарды [5, 24-25] алар болсақ, бұл мифтегі сюжеттер әр фольклорлық үлгіге нұсқау ретінде қызмет атқара алады. Ұмай ананың ғұрыптық фольклорда алатын орны да, көрінетін кеңістігі де мол. Өйткені ғұрыптың бірден-бір кілті – отбасылық жағдай. Ал отбасы «құдайы» - Ұмай ене. Сол себепті халықтың ырым-жоралғы, салт-дәстүр, жөн-жосықтарында (отқа май құю, анаға сыйыну, жалбарыну, табыну) бірнегізді мотив қайталанатын. Сол себепті бұл мотив фольклордың аясына кірігіп, мифопэтикалық ойлау жүйесіне сай құрылымға «айналып», сол күйінде қатталған тұтастық, жүйе (трафарет) ретінде басқа бір жанрларға айна-қатесіз болып түсетін мифофольклорлық сюжет болып шығады. Немесе мифтік жүйеге сәйкес қалыптасқан Жер мен Көктің жаралуы мен болмысы турасындағы наным-сенімнің түп-қазығы сақталып, негізгі белгілерінің басқа бір фольклор үлгілерінде берілу аясы өте көптеп саналады. Осы жерде мифологиялық мотив деген ұғым шығады. Мифофольклорлық сюжет мифология мен фольклордың қосындысынан пайда болса, мифологиялық мотив нақты мифтік танымнан пайда болады. Қандай көркемөнер болса да, оның өзіндік архетиптік жүйесі болады. Поэтикалық ойлау жүйесі мен көркем танымның шешуші байланысынан пайда болатын символ өз дәрежесінде күрделі даму жолын өткереді.

Осылайша, архетип өн бойына лейтмотив, тірек, стереотип, айшықтау секілді ұғымдардың философиялық астарын жинастырады. Қазақ әдебиеттануындағы архетиптік жүйе өз ауқымын ежелгі таным-түсініктен алады. Өйткені архетип – тарихи нәрсе дейтін болсақ, ол жылдар бойы өз құрылым-құрылысына қарай дамып, жетіледі. Әдебиет – қоғамдық сананың рухани айнасы дейтін болсақ, сонда архетиптер – поэтикалық ойлау жүйесіндегі белгілі бір ұғым-түсініктің, құбылыстың заттанған модель күйіне айналуы. Архетипті шеңбер ретінде қарастырып, оның айналасына түрлі: танымдық, жинақтаушылық, ақпараттық, руханилық, коммуникативтік, образдылық секілді факторлармен шектестіруге болады.

Сонда архетип поэтикалық өнердің бір бөлшегі немесе эстетиканың бір категориясы ретінде қарастырылмауы керек, оның әмбебаптық, көп мәселеге өзек болатын берне, яғни жеке құбылыс ретінде қарасуымыз керек. Әр символ өзіндік бір әлем. Символдану процесі өнердің барлық түріне тән. Қай өнер түрін алсақ, олардың қарастырып отырған символы бір арнадан, бір негізден тараған.

Архетипті ең алдымен мифологияның астарынан іздеу қажет. Адамзаттың ойлау санасындағы ең алғашқы саты мифтік сана болғандықтан, халықтың ең алғашқы пікір-пайымы осы мифологияға келіп саяды. Біздің бүгінгі күнделі символ деп жүргеніміз де осы арнадан өрбиді. Архетиптің осы ретте екі түрлі бағыттылығын айтып өтуге болады. Біз архетипті ұлттық ойлау жүйесінен, халықтық дүниетанымнан туындайтын құбылыс дейміз. Бірақ осы жерде екінші бәр мәселе туындайды. Кейбір архетиптер жалпыадамзаттық ойлау жүйесіне, яғни барлық халықтар түсінігіне ортақтық. Аталып отырған екі түрлі архетиптердің да өзіндік ерекшелігі бар. Екінші айтып отырған жалпыадамзаттық архетиптердің астарындағы мән – олардың танымдық жүйесіндегі мифтік сананың ортақтығының, кейбір туыс емес халықтар арасындағы рухани туыстықтың аражігінің ажыратылмағандығында және «көшпелі сюжеттердің» кезінде етек алауында деп қарағанымыз жөн. Зерттеуші Л.Мұсалы: «Көркем бейнелер, яғни символдар көркемдік танымның мәнді де мазмұнды бағалы нәтижесі болуымен қатар, белгілі дәрежеде оның даму мен өзгеруінің индикаторы болып табылады. Себебі, ол қалыптағы көркемдік құралдар шеңберінен асып, таным формасына, әлемді символикалық жолмен тану-игеру жолына айналады десек, артық айтпаймыз» [6, 165], - деген пікірінде келтіргендей, кейбір көркем бейне өздігінен дамып, шырқау шегіне жеткен кезде, көркемдігін жоғалтып, танымдық бағыттылығын арттырып, әлемдік символикаға жақындайды. Бұл жерде символды бір орында қатып қалған, оны өзгерте алмайтын тұжырым деп емес, керісінше, түрлі факторлар нәтижесінен қажетіне қарай мағыналық жағынан өзгеріске ұшырайтын даму үстіндегі ұғым дейміз. Осы ретте біз мифологиядағы «алма» символын мысал ретінде қарастырмақпыз. Қазақ мифологиялық әдебиетінде образдар жүйесі тұтасқан құбылыс ретінде қызмет атқарып, белгілі бір дәрежеде «өсіп», шеңбер бойымен жылжи отырып, көркемдікке ие болады. Жалпы архетип – мифтен кейін тұратын, яғни екінші реттегі құбылыс. Символ - әлем халықтарына ортақ немесе белгілі бір топтарға (территориясына, тіл туыстығына, дініне) арнайы тән болуы мүмкін. Архетипті тарихи құбылыс дейтін болсақ, ол нешебір заматтардың қатпарын бойына сіңіре отырып, жалқы, тұтас дүние құрайды. Сол архетиптер – мифті жеткізуші, мифті «тасушы», келесі бір дәуірге, әлемге қайта «жаңғыртушы» құбылыс ретінде қызмет атқарады. Архетип ретінде қалыптасқан ұғымдардың астарынан біз мифті қарастыруымызға болады. Бұл жерде барлық символдық жүйенің астарында миф жатыр деген ұғымнан аулақпыз әрине. Яғни мәдени-көркемдік, әдеби-тарихи процестер тұрғысынан алар болсақ, әр архетип – күрделі құбылыс. Мәселен, жалпы мифология тұрғысынан алма архетипін алатын болсақ, оның қолданылу аясын былайша ашып анықтауға болады. Алма орта ғасырлардан шектеу қойылған жеміс ретінде көрініс тапқан. Бірақ діни кітаптарда (қайсысын алсақ та) Хауа ананың қай жемісті жеп қойғандығы турасында айтылмайды (өнерде алмаға ұқсас шабдалы, айва сияқты жемістер көрсетіледі). Ертедегі діни-әлеуметтік дәстүрлі наным-сенімге орай бұл символдың ассоциативтік өрісі латынның жамандық, қастық мағынасындағы *malum* сөзімен сабақтас. Күнәға бату ұғынын «өлшемі» алма арқылы бейнелеуге саяды. Бұл үрдіс – Қайта өрлеу дәуірінде өнер өрінісінде әр суретшінің бетке ұстаған тақырыбы болды. Бірақ бұл символистік идея көнегректік

мифтермен тікелей қатысты. Ал қазақ әдебиетінде алма – бертініректе келген «жаңа» архетиптер қатарындағы түсінік. Ал қазақ халқы көшпелілікті мақсат тұтып, малмен күнелткеннен кейін, бұндай түсінік-танымдар ислам діні тарай бастағаннан бастап шығыстық сюжеттер арқылы келіп жетті. Алманың символикалық мәні мынадай түсініктермен астасып келеді: алма – космостық символ, алма – жұмақтың атрибуты, алма – адамдық қасиеттің рухтану сипаты, алма – күнәнің белгісі (діни түсінік бойынша). Сонда архетип - өз арнасын ежелгі танымнан бастау алатын, уақыт жүктеліміне сәйкес танымдық әрекеттердің негізінде үнемі даму үстінде тұратын, барлық көркемөнерге тән көрсеткіш.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сайып келгенде, қазақ халықтарының фольклорлық туындылары мен мифтік мотивті шығармаларында архетиптік бейнелер мен сюжеттер көп кездеседі. Ұлттық санада болатын бұл архетиптер түркі халықтарының құрамындағы қазақтардан өзге бірнеше елдерде қайталанады. Әрине кей архетиптік бейнелер мен сюжеттер ұқсас мотивте қолданылса, кейде айырмашылықтар да кездеседі. Архетип сөзі көне грек тілінен аударғанда алғашқы бейне, түпнұсқа деген мағынаны білдіреді. Бұл термин шығармашылық қиялдың жемісінің негізінде қалыптасқан, жалпы адамзаттың даму тарихына негіз болған көнерген ескі бейнелер.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Архетипы, мифологемы, символы в художественной картине мира писателя. Составитель Исаев Г.Г. Астрахань: Издательский дом Астраханский университет, 2010. – 289 с.
- 2 Юнг К.Г. Подход бессознательному. Киев: Издание подготовлено по инициативе издательства, 1961. – 396 б.
- 3 Найдыш В.М. Мифология. Москва: Издание КНОРУС, 2010. – 432 с.
- 4 Юнг К.Г. Душа и миф. Киев: Издательский дом Полиграфкнига, 1996. – 386 с.
- 5 Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 320 б.
- 6 Мұсалы Л. Символ-берне туралы // Көк күмбез: Жас ғаламгерлер жинағы. – Алматы: Раритет, 2004. – 176 б.

Материал 18.01.2021 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Archetypes, mythologems, symbols in the artistic picture of the writer's world. Compiled by Isaev G. G. Astrakhan: Astrakhan University Publishing House (2010), 289 p.
- 2 Jung, K. G. Approach to the unconscious. Kiev: The publication was prepared on the initiative of the publishing house (1961), 396 p.
- 3 Naidysh, V. M. Mythology. Moscow: KNORUS Publishing House (2010), 432 p.
- 4 Jung, K. G. Soul and myth. Kiev: Poligrafkniga Publishing House (1996), 386 p.
- 5 Kazakh mythical stories. Almaty: Nauka publ. (2002), – 320 p.
- 6 Musaly, L. Symbol - about, berne // blue dome: a collection of young climbers. Almaty: rarity publ. (2004), 176 p.

Теоретические проблемы определения понятия архетип в литературоведении

А.С.Кушкимбаева¹, Д.А.Куртебаева¹, Г.К.Танирбергенова¹

¹Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова, Актюбе, 030000, Республика Казахстан

В статье рассматриваются особенности употребления исконно казахской лексики как отражение национального менталитета в драматических произведениях М. Ауэзова с позиции антропологического подхода. Язык и национальная психология являются важными элементами национально-культурных ценностей, формирующими национальное бытие и

мировоззрение казахского народа. М. Ауэзов изучал народную литературу. Драматическое произведение автора содержит упоминания о традиционных развлечениях казахов, церемонии кыз узату, игре алтыбакан. В драмах писателя охвачены все жанры драматургии: в них есть и трагедия, и комедия, и драма. Исконные слова, составляющие основной словарный запас языка и отражающие его богатство, получили широкое употребление в произведениях писателя. Характерной особенностью стиля повествования, позволяющей слушателю понять значение исконного слова, является употребление устаревших слов наряду с их вариантами под новым значением.

Материал поступил в редакцию журнала 18.01.2021

Peculiarities of using native Kazakh words in the plays by M. Auezov

A.S. Kushkimbaeva¹, D.A. Kurtebaeva¹, G.K. Tanirbergenova¹

¹K.Zhubanov Aktobe regional state university, Aktobe, 030000, Republic of Kazakhstan

The article examines the peculiarities of using native Kazakh vocabulary as a reflection of the national mentality in the dramatic works by M. Auezov in terms of an anthropological approach. Language and national psychology, being an important part of national-cultural values, form the national existence and worldview of the Kazakh people. M. Auezov studied folk literature. The author's dramatic work includes different traditional Kazakh entertainment, "Kyz Uzat" ceremony, "Altybakan" game. The writer's works cover all genres of drama: tragedy, comedy and drama. The native words, that make up the main vocabulary of the language and reflect its richness, are widely used in the writer's works. The author's narrative style, which allows the listener to understand the meaning of the native word, is characterized by the use of obsolete words along with their variants expressing a new meaning.

Received: 18.01.2021

SRSTI 17.82

M.K. Samambet¹, N.N. Omarova¹

¹Kostanay regional university named after A. Baitursynov, Kostanay, 110000, Republic of Kazakhstan

THE IMAGE OF THE WOLF LARSEN IN THE NOVEL "THE SEA WOLF" BY JACK LONDON

The article represents such concept as the image in the work of art. The purpose of the article is to analyze the image of Wolf Larsen in the novel "The Sea Wolf" by Jack London from the linguistic point of view. The means of creating an image of Wolf Larsen are: the title of the work, portrait and actions of the character, individualization of speech, biography of the character, the author's characteristic, description by other characters and the worldview of the hero. By these means the author created the image of a seasoned sailor, whose strength is compared to a hurricane and whose mood is changeable as air currents or water currents. During the story the author reveals that infinite ambition and infinite loneliness, receiving neither help nor sympathy causes the cruelty of main character. Captain Larsen is an overwhelmingly strong, unpredictable and insidious man who came from nothing. The author created an image of a man who scares and delights the readers at the same time.

Key words: image, artistic image, the means of creating an image, Wolf Larsen, antagonist, psychological realism